

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 77 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Шағын кәсіпкерлікті экономиканың өндіріс, инновация және басқа салаларында одан әрі тұрақты түрде дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Тұжырымдамаға сәйкес Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауының 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001 жылғы
19 қаңтардағы
N 77 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

КІРІСПЕ

Нарықтық экономикалы елдерде кәсіпкерлікті дамыту міндеті мемлекеттік деңгейде қойылмағаны белгілі, өйткені ол жүздеген жылдар бойы табиғи жолмен құрылды. Ал Қазақстанда экономиканың бұл секторы іс жүзінде санаулы жылдар ішінде ғана қалыптасты.

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын К941727_ U984189_ іске асыру 1992 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерліктің құрылу және қалыптасу негіздерін қалады.

Шағын кәсіпкерлік экономикасының жинақтылығы салыстырмалы аздаған инвестициялар мен тәуекел жағдайында аса қысқа мерзім ішінде, бірінші кезекте, тауар айналымы саласында орын алып келген ахуалды өзгертуге және тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" U973398_ 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 және "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы" U983928_ 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 жарлықтары күшті серпін берді.

"Қазақстан - 2030" K972030_ стратегиясы шағын кәсіпкерліктің белсенді дамуы және экономиканың әр түрлі салаларында оның үлес салмағының артуы үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздейді.

ШАҒЫН БИЗНЕС ДАМУЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Реформалардың бастапқы кезеңінде заңнама түрінде ұсынылған мемлекеттік қолдау шаралары бүгінде өз нәтижелерін беруде. Шағын кәсіпкерлік саласын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер экономиканың осы секторында қалыптасып келе жатқан оң үрдістер туралы айғақтайды.

Пайда көлемі, жұмыскерлер кірістерінің деңгейі, салық түсімдері ірі өндіріспен салыстырғанда шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жоғары әлеуетті мүмкіндіктері туралы айғақтайды. Ірі ұйымдардың жоғары технологияларға арналған жаңалықтарды қабылдауы кеміп отырған кезде, ғылымды көп қажет ететін өнімдер шығаратын шағын және орта ұйымдардың рөлі артуда.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың аймақтық бағдарламалары қабылданып, іске асырылуда. Шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының объектілері желісінің - бизнес-орталықтардың, бизнес-инкубаторлардың, технопарктердің құрылуы жалғасуда.

Кәсіпкерліктің даму үрдістерін талдау олардың серпінді-үдемелі сипаты бар екенін және бюджетті толтыру көзі ғана емес, әлеуметтік шиеленісті бәсеңдету

факторы әрі халықты жұмыспен қамтамасыз ету негізі де бола отырып, өзінің он жемістерін әкеліп отырғанын айғақтайды.

Сөйтіп, кәсіпкерлік қабат экономикаға одан сайын тиісті икемділік беріп, оны дамытудың шешуші факторы болып қалыптасып келеді, алайда кәсіпкерлік дамуының қазіргі жай-күйін егжей-тегжейлі талдау бұл процестің бірімәнді еместігін айғақтайды. Бүгін әлі де кәсіпкерліктің қалыптасуын тежеп отырған мынадай бірқатар елеулі себептер бар, олар:

- шағын бизнесті қолдау инфрақұрылымының әлсіз жай-күйі;
- нормативтік құқықтық негіздің жеткіліксіз жетілуі;
- салық салу жүйесінің жетілмеуі;
- несиелерге қол жеткізудің шектеулілігі және оларға қатысты жоғары құндылығы ;
- кадрлар даярлаудың және шағын бизнесті ақпараттық қолдаудың тұтас жүйесінің жоқтығы .

Орта тап рөлін күшейту қоғамдағы саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты арттырудың стратегиялық міндеті болып табылады. Бұл міндетті шешу шағын кәсіпкерліктің қарқынды дамуы үшін қолайлы құқықтық және экономикалық жағдайлар жасауды талап етеді. Шағын кәсіпкерлік экономиканың нарықтық құрылымының қалыптасуына ықпал жасай отырып, бюджетке салық төлемдері түсімінің көлемін ұдайы молайтып келеді. Шағын бизнестің жаңа ұйымдары мен жұмыс орындарын құру арқылы халық жұмыспен қамтамасыз етіледі, тауарлар мен қызмет көрсету рыногы молықтырылады, өнім сапасын көтеруге бағытталған бәсеке артады.

ШАҒЫН КӘСПКЕРЛІКТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, бірінші кезекте, оны одан әрі тұрақты дамытуға, экономиканың нақты секторында шағын бизнестің үлесін арттыруға, жаңа жұмыс орындары санын өсіруге, қоғамның орта табының негізі ретінде меншік иелері бұқарасының рөлін күшейтуге бағытталуы тиіс.

Осы кезеңде қабылданатын мемлекеттік қолдау шараларының негізгі айырмашылығы, ол кәсіпкерлік секторын дамыту жөніндегі бүгінгі нормативтік негіз шағын кәсіпкерлік саласының жеткілікті құқықтық қамтамасыз етілгенін айғақтайтынына негізделген. Қабылданып жатқан мемлекеттік қолдау шаралары шағын кәсіпкерліктің серпінді де сапалы дамуы үшін жағдай жасайды.

Шағын кәсіпкерліктің экономикалық нәтижесі бәсекелік ортаны қалыптастыру және рынокты отандық тауарлармен және қызмет көрсетумен толтыру болып отыр әрі орта және ірі бизнес үшін "сіңімді орта" болып

табылады. Шағын бизнестің саяси нәтижелері қоғам тұрақтылығының негізі ретінде орта тапты қалыптастыруға негізделген.

Қол жеткен оң үрдістерді бекіту және кәсіпкерлікті дамытуға кедергі проблемаларды жою мақсатында мынадай негізгі бағыттар бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

құрылып жатқан шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының пайдаланылу тиімділігін арттыру;

шағын кәсіпкерлік қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру және іске асырылуына бақылау жасау;

қаржы-несиелік және инвестициялық қолдау;

шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

Шағын кәсіпкерліктің табысты дамуын айқындайтын басты шарттардың бірі кәсіпкерлік қызметті қамтамасыз ететін инфрақұрылымның жақсы дамыған және бір қалыпты жұмыс істейтін бөлшектерінің болуы.

Шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын қарқынды дамытуға бағытталған жүйе түзуші шаралар қалыптастыру мақсатында "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 қазандағы N 1543 P001543_ қаулысы қабылданды. Жабық акционерлік қоғамның міндеттеріне шағын кәсіпкерлік субъектілеріне тиімді ақпараттық қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін бірыңғай республикалық ақпараттық желі құру, шағын кәсіпкерліктің дамуына мониторингті жүзеге асыру және оларды қолдау жөнінде неғұрлым пәрменді ұсыныстар енгізу кіреді.

Жоғарыда аталған акционерлік қоғамның қызметі шағын бизнес субъектілері неғұрлым аз игерген салаларды анықтаумен және осы бағыттарда кәсіпкерлікті технопарктер мен аумақтық бизнес-инкубаторлар қызметін жандандырумен бірге дамытуды ынталандыруға бағытталған шешімдер қабылдаумен тығыз байланысты болады. Соңғылары жергілікті еңбек және шикізат ресурстарының, пайдаланылмай тұрған өндірістік жабдықтардың болуын ескере, кәсіпкерліктің аймақтық дамуында теңгерімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік бере отырып, құрылуы тиіс.

Шағын бизнесті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарының бірі шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдердің орындалуына тиімді бақылау жасау, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын көтеру, дауларды шешу практикасын жетілдіру жолымен қамтамасыз етілуі мүмкін қолайлылық тудырудың құқықтық режимін орнату болып табылады.

Шағын кәсіпкерлікті қаржы-несиелік және инвестициялық қолдау мынадай

тетіктерді пайдалану арқылы жүзеге асырылатын болады:

- мақсатты мемлекеттік қарыздарды конкурстық негізде тарту есебінен екінші деңгейдегі банкілердің басым секторларға несиелер беруі;

- шағын бизнес субъектілеріне, әсіресе өндірістік қызметпен шұғылданушыларға екінші деңгейдегі банкілер беріп отырған несиелерге аймақтарда коммуналдық меншік объектілерінен кепілдік қорларын қалыптастыру негізінде жергілікті атқарушы органдарының кепілдік беру жүйесін енгізу және дамыту;

- өндіріс саласы мен қызмет көрсету саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несиелер беруді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банкілерді ынталандыру тетігін әзірлеу;

- көрсетілген мақсаттарға тиісті жылдың республикалық бюджетінде қаражат көзделген жағдайда, жобаларды екінші деңгейдегі банкілермен бірлесіп отырып, бюджеттік ортақ қаржыландыру;

- ауыл шаруашылық несиелік одақтар жүйесін құру.

Мемлекеттік қолдаудың пәрменді шараларының бірі өндіріс және қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілері арасындағы мемлекеттік тапсырысты орналастыру болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамытудың осындай практикасы ірі компаниялардың шағын бизнес субъектілерімен кооперативтік байланыстарын кеңейту және олардың өнімнің (жұмыстар, қызмет көрсету) белгілі бір түрлерін өндіріске тарту жолымен мүмкін болады.

Көрсетілген бағыттарда кәсіпкерлікті қолдау жөнінде саясат жүргізу шағын кәсіпкерліктің, әсіресе экономиканың өндіріс, жаңа құрылымдар салаларында инфрақұрылымды жетілдіру мен дамыту, кәсіпкерлік кадрларын қаржылық, ақпараттық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және даярлау негізінде одан әрі өсуі үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.